

«Қамкоршылық кеңес» отырысының
ХАТТАМАСЫ № 4

Мерзімі: 14.05.2025 ж

Катысқаны: «Қамкоршылық» кеңесінің мүшелері, мектеп әкімшілігі, хатшы.

Күн тәртібіндегі мәселелер

- «Жүргім толы мейірім» қайырымдылық акциялардың тиімді жұмысалуы
- Жетім және ААҚҚ отбасы балаларының 6 айлық есебі
- Окushыларды олимпиадалар мен байқауларға қатыстыру барысындағы ата-аналар тарапынан туындастын кедергілерді және оларды жоюодың тиімді жолдарын карастыру
- Ағымдағы мәселелер

Тыңдалды:

1. Қаныш Сәтбаев атындағы орта мектеп- лицей тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А. Габбасова сөз сөйлемді: Мектеп жаңындағы «Мейірім» еріктілер клубының негізгі мақсаты – халықтың әлеуметтік тұрғыдан әлсіз топтарына қолдау көрсете отырып, окушылардың азаматтық жауапкершілігін, әлеуметтік-саяси мәдениетін және қайырымдылыққа негізделген тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру.

Міндеттері:

- Әлеуметтік осал топтарға көмек көрсету арқылы окушылардың еріктілік белсенділігін арттыру;
- Әлеуметтік жауапкершілік пен патриоттық тәрбие беру;
- Әр түрлі қайырымдылық акциялар арқылы окушылардың жанашырылқ, мейірімділік, ізгілік қасиеттерін дамыту.

2024-2025 оқу жылында әлеуметтік тұрмысы төмен отбасыларына гуманитарлық көмек көрсету, әртүрлі акциялар негізінде бірнеше қайырымдылық акциялары өткізілді.

Атап айттар болсақ,

1. «Віржемиз: Қатығақ» акциясы

– 5 қазан – Ұстаздар күніне орай, ардагер ұстаз Санип Кульжанованы мерекесімен күттіктап, үйіне барып құрмет көрсетті.

2. «Мейірімділік ошағы» қол ұшын созу акциясы

– 14 қарашада су тасқындан зардап шеккен әлеуметтік жағдайы төмен отбасыға азық-түлік көмегі көрсетілді.

3. «Жаңа жылдық сыйлық» акциясы

– 11 және 26 желтоқсанда тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына арналған дағдарыс орталығына және мұқтаж отбасыларға азық-түлікпен көмек көрсетілді.

4. «Жылы жүрек – жомарт қол!» қайырымдылық шарасы

– 16 желтоқсан қарсанында Тәуелсіздік мерекесіне орай “Жақсылық эстафетасы” челленджі ұйымдастырылып, домбырамен ұлттық әндер шырқалып, тұрғындарға тәтті сыйлықтар таратылды.

5. «КиноТIME» қайырымдылық кеші

– Қорқынышты жанрдағы фильм көрсетілімі ұйымдастырылып, сатылған билеттердің қаржатына қайырымдылық көмектер көрсетілді.

6. «Өзгеге жылу сыйла» акциясы

– Мектеп окушылары мұқтаж отбасы балаларын кітаптармен және ойыншықтармен қамтамасыз етіп, мерекелік көңіл-күй сыйлады.

7. «Мейірімді жандарға – ізет» акциясы

– 1 наурыз – Алғыс айту күніне орай көше тазалығында еңбек етушілерге шай мен бәліш таратылып, окушылардың ізеттілік, сыйластық қасиеттері насихатталды.

8. «Жанашыр жүрек» акциясы

– Наурызнама онкүндігі аясында Амал мен Наурыз мерекелеріне орай мұқтаж отбасыларға азық-түлік беріліп, үлттық мейраммен құттықтау үйымдастырылды. «Мейірім» еріктілер клубының атқарған кайырымдылық шаралары окушылардың тұлғалық, алеуметтік және азаматтық қасиеттерін дамытты. Жыл бойы жүргізілген жұмыстар окушыларды жанашырлыққа, елге қызмет стүге, ізгілікке тәрбиелеуге бағытталды.

Екінші мәселе бойынша алеуметтік педагог Г.Аманжолова сөйлемді.

Мектеп-лицейде білім алатын алеуметтік қоргалмаган окушылардың оқу үлгерімін, психологиялық ахуалын және алеуметтік-тұрмыстық жағдайын бақылау, оларға көрсетілген көмек пен қолдауды бойынша жыл бойы жоспарға сәйкес жұмыс ж.різіліп келеді.

- Жетім балалар – 5 окушы:
 1. Бегимбетов А. – 3 "И" сынып
 2. Ерниязова Ж. – 9 "Д" сынып
 3. Абдрахманова К. – 11 "Б" сынып
 4. Абдрахманова Ж. – колледж студенті (мектеп түлектерінің тізімінде, бақылауда)
 5. Сәметова А. – 11 "Б" сынып

- АӘҚК (атаулы алеуметтік көмекті қажет ететін) отбасындағы балалар – 3 окушы:

1. Приходько К. – 6 "И" сынып
2. Приходько У. – үйде оқиды (жеке оқыту бағдарламасы)
3. Кулов Р. – №7 түзету мектебі, үйде оқытылады

Жалпы қамтылған окушылар саны: 8

- Оку және педагогикалық жұмыс

- Барлық окушылар оқу процесіне тартылған: мектепте және үйде жеке жоспар бойынша оқыту үйымдастырылған.
- Үйде білім алатын окушылармен арнайы бағдарлама негізінде сабак жүргізілуде.
- 11-сынып окушыларына ҰБТ-га дайындық мақсатында қосымша қолдау көрсетілуде.
- Сынып жетекшілері оқу үлгерімін үнемі бақылауда ұстап отыр.

- Материалдық қолдау шаралары

- Окушылар кенсе тауарлары және сөмкелермен қамтамасыз етілді.
- Мектепте оқытын барлық окушыларға тегін ыстық тамақ берілуде.
- "Мектепке жол" республикалық акциясы аясында алеуметтік көмек көрсетілді.

- Психологиялық және тәрбиелік қолдау

- Әр балаға мектеп психологы тарапынан қажетті психологиялық көмек көрсетілді.
- Сынып жетекшілері ата-аналармен (қамкоршылармен) бірлесіп жұмыс атқарды.
- Окушылар мектепшілік тәрбиелік іс-шараларға қатысып, қоғаммен байланысы нығайтылды.

- Қорытынды

- Элеуметтік қоргалмаған окушылардың барлығы білім беру, психологиялық және материалдық тұрғыда толықтай қамтылған.
- Үйде оқытын балалардың оқу үлгерімі тұрақты бақылауда.
- Колледже оқып жатқан мектеп түлегі Абдрахманова Ж. – мектеппен байланысын үзбей, жағдайы үнемі назарда ұсталып отыр.

Келесі мәселе бойынша қосымша білім беру педагогі М. Жұмаганбетов сөйлемді :
Мениң қарастыратын мәселе окушыларды олимпиадалар мен байқауларға қатыстыру жолында ата-аналар тарапынан кездесетін кедергілер және оларды шешудің тиімді тәсілдері. 2024–2025 оқу жылында мектебіміздің окушылары жыл сайын

ұйымдастырылатын түрлі деңгейдегі пәндік олимпиадалар мен шыгармашылық байқауларға белсенді қатысып, жоғары нағызжелерге қол жеткізді. Қыскаша тоқталатын болсам откен оқу жылында 5-6 сынып, 7-8 сынып, 9-11 сынып арасында откен ЖББП бойынша Республикалық олимпиаданы салыстырып атап откім келеді.

Сынып	Қалалық	Облыстық	Қалалық	Облыстық
	2023-2024		2024-2025	
5-6	10	3/6	8	6/4
7-8	13	5/8	14	4/7
9-11	15	1/6	22	7/15
Барлығы	38	9	44	17

Кедергілер және оларды шешу жолдары

Бірінші кедергі – Ата-ананың баласына жеткілікті қоңіл бөлмеуі

Кей жағдайда ата-аналар қунделікті құйбен тіршіліктің арасында баласының ішкі жандунесіне, қызыгушылығы мен армандарына назар аударуды ұмыт қалдырады. Ал дер кезінде бағыт-бағдар берілмесе, баланың окуга деген ынтасты төмендей, назары басқа нәрселерге ауып кетуі әбден мүмкін. Баланың рухани дамуы мен білімге деген құлшынысы ата-ананың уактылы қоңіл бөлуіне тікелей байланысты.

- Уақыт бөлу және байланыс орнату;
- Баланың қоңіл-күйі мен дамуын қадағалау;
- Үнемі қолдау көрсету.

Екінші кедергі – Баланың болашағын ата-ананың өзі шешуі

Кейде біз баланың ішкі арманына тосқауыл қойып, оның жолын өзіміз қалағандай өзгертеміз. Бірақ ұмытпауымыз керек – бала жеке тұлға, оның армандары мен қызыгушылықтары бізден өзгеше болуы мүмкін. Мысалы, физик болуды армандайтын баланы дәрігер болуга мәжбүрлеу оның ішкі әлемін түсінбеу.

- Балаға таңдау еркіндігін беру;
- Мұғаліммен бірге қабілетін анықтап, бағыт беру;
- Мамандыққа бағыттау кештеріне бірге қатысу.

Үшінші кедергі – Ата-ана мен мұғалім арасындағы байланыстың әлсіздігі

Үшінші кедергі – ата-ана мен мұғалім арасындағы байланыстың әлсіздігі. Олимпиадаға дайындықта ата-ана мен мұғалімнің бірлескен жұмысы маңызды. Егер байланыс әлсіз болса, бала өзіне қажетті қолдауды алмай, жетістіктерге жете алмауы мүмкін. Тек бірлескен күш-жігер ғана баланың табысына әкеледі.

- Жүйелі байланыс орнату
- Ұстаз сөзіне сенім арту, кері байланыс сұрау;
- «Біз – бір командамыз» деген қағиданы ұстану.

Төртінші кедергі – Олимпиаданың әділдігіне құмән келтіру

Іә, кейде біз баламыз тек женіске жетсе еken дейміз. Бірақ «олимпиада әділ емес» деген сөзіміз – баланың арманы мен сенімін өз қолымызбен сөндіру. Қазір барлық олимпиадалар ашық өтеді, ата-аналар ерікті түрде бақылаушы бола алады. Бала бірінші қатысқанда жеңімпаз болмауы мүмкін – бұл калыпты жағдай. Сәтсіздік – құлау емес, қайта тұруға үйрететін саты. Әр олимпиада – тәжірибе, шындалу, өз-өзін жену мектебі.

- Әділдікке сенуді үйрету;
- Қолдау, мотивация беру;
- Балаға әр байқауға, олимпиадаға қатысудың өзі – үлкен жетістік екенін айту.

3. Корытынды

Бала бойындағы дарын тек бастамасы. Егер оның 10%-ы табиғи қабілет болса, қалған 90%-ы пайызы тынымсыз еңбек пен тұрақты қолдаудың жемісі. Соңдықтан біз, ата-аналар мен ұстаздар, сол еңбектің шыракшысы болуымыз керек.

*Соңғы мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
Б. Әбдіқалықова сез сөйлемі:*

Мектеп оқушыларының киім үлгісіне қойылатын талаптарды жаңғырту, білім алушылардың ынғайлылығы мен эстетикалық талғамына сай, бірыңғай мектеп формасын жетілдіру, оқушы бейнесінде жинақылық пен тәртіпті қалыптастыру мақсатында мектеп

формасына өзгеріс енгізу туралы ұсынысты қамқоршылық кеңестің талқысына ұсынамыз. Мектебіміздегі қазіргі киім үлгісі 10 жыл бұрын мектебіміз жаңа гимаратка көшер кезде бастап тігілген еді.

Барлық жағдайларды ескере отырып, мектеп формасына келесі бағыттарда өзгеріс енгізу қажеттілігі туындал отыр.

1. Климаттық жағдайларды ескере отырып, оқушылардың қозғалысына кедергі келтірмейтін, ыңғайлы, сапалы матадан тігілген киім үлгісін таңдау.

2. Ұл және қыз балаларға ариалған форманың заманауи, жинақы болуын қамтамасыз ету.

3. Бейресми киім үлгілеріне жол бермеу, мектеп ішінде тәртіп пен бірынгай стильді сактау.

Ұсынылатын өзгерістер:

Ұл балаларға:

- Классикалық қара-кек шалбар
- Ақ көйлек (қыс және жаз мезгілінде)
- Мектеп логотипі бар тоқылған жұқа жилет

Қыз балаларға:

- Классикалық қара юбка
- Ақ көйлек (қыс және жаз мезгілінде)
- Мектеп логотипі бар тоқылған жұқа жилет

Барлық оқушылар үшін:

Спорттық форма (Дене шынықтыру сабагына ариалған): қара немесе қою кек түсті спорт костюмі, ақ футболка

Қыста жылы жилет немесе тоқылған жемтір (мектеп бекіткен түсте)

Мектеп формасына өзгеріс енгізу оқушылардың өзін ұстая мәдениетін, жауапкершілігін арттырып, мектеп беделін көтереді. Осылан орай:

- Қамқоршылық кеңестен мектеп формасына ұсынылған жаңа үлгіні бекіту;
- Жергілікті өндірушілермен және тігін ательелерімен келісім жүргізу;
- Жаңа үлгіні 2025–2026 оку жылынан бастап кезең-кезеңмен енгізу ұсынылады.

Сөйлеушілер:

Д. Тажигутова (қамқоршылық кеңес төра이ымы): барлық баяндамашыларды тыңдал шықтық. Бүгінгі қозғалған мәселелер бойынша атқарылған жұмыстардың біразымен әлеуметтік желілерден де таныспын.

Олимпиадаларға қатысты айтатын болсақ, кейбір ата-аналардың баланың қабілетін шектеуі – өкінішке қарай, жиі кездесетін жағдай. Себебі баланың өмір қауіпсіздігіне аландаймыз. Ата-ана болып өзіміз еріп бару мүмкіндігі болмағандықтан, сәл тартқышшактайдың көздеріміз болады. Дегенмен дарынды балаларды дамытуда ата-ананың сенімі, қолдауы – үлкен қүш.

Мектеп формасына келетін болсақ, оқушылардың жаңа үлгідегі форманың ыңғайлы және сәнді болғанын қалаймыз. Біздерге матасы мен дизайнны қазіргі талаптарға сай болуын қолдаймыз. Жаңа киім үлгісі болған соң қаражат жағынан тиімділігін қарап, ата-аналар комитетімен ақылдасқан дұрыс деп ойлаймын.

Алабаева Л (қамқоршылық кеңес мүшесі): «Мектеп жанындағы “Мейірім” еріктілер клубының жұмысы – жасөспірімдерді әлеуметтік жауапкершілікке тәрбиелеудің өте тиімді құралы. Балалардың өз еркімен атсалысы, нағыз азаматтық ұстанымның қалыптасып келе жатқанын көрсетеді. Қайырымдылық тек материалдық көмек емес, ол – адамгершілік пен рухани құндылық. Бұл бағыттағы жұмыстар одан әрі жүйеленіп, мектептен тыс ұйымдармен бірлесе отырып, ауқымын кеңейткені дұрыс деп ойлаймын. Жетім және АӘҚҚ отбасы балаларына қатысты есептен байқағанымыз – әлеуметтік жағдай осал оқушылар барынша қамтылып, білім алу, психологиялық қолдау және

материалдық қамтамасыз ету жағынан тиісті жұмыстар атқарылған. Бұл – мектеп әкімшілігінің үлкен еңбекінің жемісі.

Талап A. (қамқоршылық кеңес мүшесі) :

«Мектеп формасына жаңарту енгізуі қолдайтын едім. Себебі 10 жылдан бері өзгермен үлгіні қайта қарау – мектебіміздің лицей болып өзгеруі, сонымен қатар оқушыларымыздың үнемі қалалық, облыстық деңгейдегі шараларға қатысуына байланысты дұрыс деп есептеймін. Окушы үшін форма тек сыртқы келбет емес, ішкі тәртіптің, мектепке деген құрметтің белгісі.

Қаулы

1. «Жүргім толы мейірім» қайырымдылық акциялары аясында атқарылған жұмыстар «қанағаттанарлық» деп танылсын және алдағы уақытта да әлеуметтік қолдауды қажет ететін оқушыларға бағытталған іс-шаралар тұрақты түрде жалғасын тапсын.
2. Жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған балаларына көрсетілген қолдау жұмыстары жалғастырылсын.
3. Олимпиадалар мен байқауларға қатыстыру барысындағы ата-аналар тарапынан туындаудың кедергілерді жою мақсатында ата-аналармен түсіндіру жұмыстары жүйелі түрде жүргізілсін.
4. 2025-2026 оку жылынан бастап мектеп формасына жаңарту енгізу қарастырылсын.

«Қамқоршылық кеңесінің» төрағасы:  Д. Тажигутова

Хатшы:  Ә.Әбілдаева

- 1). Сүзик аюбов Акылжан Амангельдыев ~~Бал~~
- 2) Шаипар Азизов Гериким ~~Бал~~
- 3) Абдракхамов Сарас Шаймарданов ~~Чынбыл~~
- 4) Бекбосынов Асемжан Сарынбаев ~~Бал~~ 14.05.257
- 5) Акадель Даире Мөзделеевна ~~Бал~~ 14.05.25
- 6) Абдракхамова Зарисса Жарасқатова ~~Бал~~ 14.05.25
- 7) Жанжинумова Нинара ~~Бал~~ -